


Кемтар балаларды қамқорлаудың жаңа жолдары

Облыстық ПМПК ММ-і Қазақстан Республикасының 11.07.2002 жылы шыққан «Кемтар балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» № 343 Заңының 8-бабының, 3-тармағын орындау мақсатында, Ақтөбе облыстық әкімінің 04.02.2003 жылы бекітілген № 23 Қаулысы негізінде құрылды.


Аталған Заң бойынша 60 мың балаға бір ПМПК құрылуы қажет. Ақтөбе облысында бүгінгі күні екі ПМПК жұмыс жасауда: облыстық ПМПК ММ облыстың 12 ауданының, Алға облыстық балалар үйінің, Тамды көмекші мектеп-интернатының және Жайсаң арнаулы мектеп-интернатының мүмкіндігі шектелген балаларын тексереді. Қалалық ПМПК ММ Ақтөбе қаласына қарасты мүмкіндігі шектелген балаларды тексереді. Облыс бойынша 240 мыңдай бала бар, сондықтан **тағы екі ПМПК ашу керек:**



1. № 3-ші ПМПК ММ-ін Қандыағаш қаласынан құру - темір жол бойындағы(Мұғалжар, Шалқар, Темір, Байғанин аудандарының) 60 мың балаларды тексеруге қолайлы жағын ойлау мақсатында;

2. № 4-ші ПМПК ММ-ін ескі қаладан ашу – Алға және Хромтау аудандарының балалары мен қазіргі қалалық ПМПК-ның артық балаларын қамту үшін

ЦМШК ММ-нің негізгі міндеттері :



1. 0-ден 18 жасқа дейінгі балалармен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын тексеру, психикалық және дене бітіміндегі ауытқуды анықтау;

2. балалармен жасөспірімдердің дамуындағы ерекшеліктерді анықтау мақсатында психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру жүргізу, диагнозын қою, оларды оқытудың, тәрбиелеудің және жұмысқа орналастырудың оған сәйкес жағдайын анықтау;

3. баланың көңіл-күйінің өзгеруіне байланысты білім мекемесінің бір түрінен екіншісіне ауыстыра отырып, қажет болған жағдайда оған бастапқы қойылған диагнозын растау, анықтау және өзгерту енгізу;

4. баланың деңгейіне қарай психологиялық-медициналық-педагогикалық көмек көрсету, оларды арнайы білім беру саласында тәрбиелеуді және оқытуды, әлеуметтік қорғауды ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

5. дамуында, мінезінде жеңіл ауытқу, кемістіктері бар балаларды, соның ішінде арнаулы түзеу білім мекемелеріне жіберуге жатпайтын балаларды емдеу, тәрбиелеу, және оқыту жөнінде ата-аналарға(заңды қамқоршыларына), мұғалімдерге және дәрігерлерге кеңес беріп көмек көрсету.

Қандай мамандар жұмыс жасайды ?

Мұғалімдерден –
дефектолог
(олигофрено мұғалім,
сурдолог мұғалім,
тифло мұғалім),
психолог, логопед,
әлеуметтік мұғалім;

Бала
дәрігерлерден –
психиатр,
невролог, сурдолог,
окулист,
медстатистик,
педиатр

Түзеу диагностикалық топтар (ТДТ) қашан ашылды, олар немен айналысады ?

Облыстық ПМПК-ның жанынан 01.01.2007 жылы 2 ТДТ-р ашылды:


1. Ауыр ауытқушылықғы бар балалар мен жасөспірімдерге және

2. Ерік-жігеріндегі және тәртібіндегі ауытқушылығы, соның ішінде ерте жастағы бала аутизімі барлар үшін.

ТДТ-ң негізгі мақсаттары:

түзеу психологиялық-педагогикалық шараларды анықтау үшін танымдық даму (тіл, ес, зейін, қабілеттілігі т.б психикалық функциялары) ерекшеліктері мен дәрежесін анықтау, эмоциялық ерік жігерін, жеке тұлғалық қасиеттерінің дамуын танып білу, диагнозын белгілеу, педагогикалық-медициналық қортынды шығару, баланы оқыту мен дамыту үшін тиімді бағдарламаны іріктеу мақсатында психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру.

Әлеуметтік қызметкерлер және әлеуметтік мұғалімдер немен айналысады, қандай мекемелерге қарайды?



Әлеуметтік мұғалім мектептерде жұмыс жасайды, мектептегі ПМПК бірлесіп баланың жеке және әлеуметтік мәселелерін шешу тәсілдерін, есебін, әлеуметтік педагогикалық жұмыс үлгілерін анықтайды. Қоғамда, ортада, үйде, мектепте жеке қатынасының орнығыуына бейімдейді. Білім беру бөлімдерінде әлеуметтік қорғау, дамыту, тәрбиелеу шараларын жүзеге асырады. Үйімен, жәрдемақы алуымен, балалардың құқықтарын қорғау жұмысымен айналысады. Баланы оқытатын мұғалімдермен, ата-анамен, әлеуметтік қызметкерлермен, жеке тұлғалармен тығыз қарым-қатынаста болады.

ПМПК-на жылда қаралу, тексерілу қажет пе?

ПМПК-на кемтар бала өмірінде 1 рет ғана қаралады, берілген қортынды, ұсыныстар бойынша жұмыс жасау қажет. Егер қортындыда қайта қаралу керек деп жылы жазылса ғана, көрсетілген уақытында қайта тексерістен өтеді. Облыстық ПМПК-сы берген қортындының түп нұсқасы ата-анасында, бала куәлігімен бірге болады. Қортындының көшірмесін тиісті көрсетілген мекемелерге апарып береді. Қортындыдағы нұсқау-ұсыныста көрсетілген бағдарлама бойынша, кемтар бала 9 класты бітіргенше қатарымен бірге оқыйды. Егер мүмкіндігі шектелген бала көмекші бағдарламаны игерген болса, онда 9 класты бітіргесін «Тамды көмекші мектеп-интернатының» Куәлігі, ал арнайы бағдарламаны игерсе «Жайсаң арнайы мектеп-интернатының» Куәлігі беріледі. Мүмкіндігі шектелген бала көмекші бағдарламаны игермесе, сандарды, әріптерді білмесе, онда 9 класты бітірді деген анықтама беріледі.



**Назарларыңызға
рахмет!**